



МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
КАЗАХСКАЯ ИНЖЕНЕРНАЯ, ФИНАНСОВО-БАНКОВСКАЯ АКАДЕМИЯ

Материалы международной
научно-практической конференции

РАЗВИТИЕ ФИНАНСОВОЙ СИСТЕМЫ РК В УСЛОВИЯХ ФИНАНСОВОЙ ГЛОБАЛИЗАЦИИ



УДК 336.1+336.7(574)

ББК 65.262(5 каз)

Р 17

Под общей редакцией

Айтбаевой Л.У.,

г. Алматы, Казахстан.

Редакционная коллегия:

Омарбаева А.К. - д.э.н., доцент

Тургулова А.К. - д.э.н., и.о. профессора

Гейдаров М.М. - к.э.н., академ. профессор

Оналтаев Д.О. - к.э.н., доцент

Рысбекова Г.Е. - к.п.н., и.о. доцента

Садыкова С.Ж. - к.э.н., доцент

Ответственный секретарь:

Сердалиева С.Ж. - менеджер

по организационно-методической работе КИФБА

Р 17 Развитие финансовой системы РК в условиях финансовой глобализации.

Материалы международной научно-практической конференции. - Алматы, «Ценные бумаги», 2013. - 436 с.

ISBN 978-601-06-2519-8

В сборник вошли статьи ученых экономистов, финансистов, магистрантов вузов Казахстана, Венгрии, Киргизии.

Сборник включает в себя три главы, посвященные влиянию финансовой глобализации на национальные финансовые системы, новой модели государственно-частного партнерства, информационным системам в бизнесе и образовании.

УДК 336.1+336.7(574)

ББК 65.262(5 каз)

ISBN 978-601-06-2519-8

© Казахская инженерная,
финансово-банковская академия, 2013.

СОДЕРЖАНИЕ

1 СЕКЦИЯ.

ВЛИЯНИЕ ФИНАНСОВОЙ ГЛОБАЛИЗАЦИИ
НА НАЦИОНАЛЬНЫЕ ФИНАНСОВЫЕ СИСТЕМЫ

Айтбаева Л.У. РОЛЬ ПРИВЛЕЧЕНИЯ ИНОСТРАННЫХ ФИНАНСОВЫХ ИНВЕСТИЦИЙ ДЛЯ РАЗВИТИЯ ЭКОНОМИКИ КАЗАХСТАНА	3
/Тургулова А.К. ПРО В КАЗАХСТАНЕ: РАЗВИТИЕ И СОСТОЯНИЕ	10
Орозонова А.А. ПРОБЛЕМЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА В КЫРГЫЗСКОЙ РЕСПУБЛИКЕ	16
Арзиева А.К. ВЛИЯНИЕ МЕЖДУНАРОДНОЙ ФИНАНСОВО-КРЕДИТНОЙ СИСТЕМЫ НА ЭКОНОМИКУ КЫРГЫЗСКОЙ РЕСПУБЛИКИ	23
Алымкулова А.С. ВЛИЯНИЕ МИРОВОГО ФИНАНСОВОГО КРИЗИСА НА ЭКОНОМИКУ РАЗВИВАЮЩИХСЯ СТРАН	27
Омарбаева А.К. РАЗВИТИЕ ТОВАРНЫХ БИРЖ В КАЗАХСТАНЕ.....	33
Бертаева К.Ж. ОСОБЕННОСТИ ИСЛАМСКОЙ ВАЛЮТНОЙ СИСТЕМЫ ..	37
Оналтаев Д.О. СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ ПЛАТЕЖНОГО БАЛАНСА: МАКРОЭКОНОМИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ	44
Идимов К.Т. ПРАКТИКА ВАЛЮТНОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ И КОНТРОЛЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН	48
Шарипова Б.Д., Раева К.Т. ОЦЕНКА ФИНАНСОВОЙ УСТОЙЧИВОСТИ ПРЕДПРИЯТИИ	58
Макенова А.А. ҚАЗАҚСТАНДА ИНДУСТРИАЛДЫ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАҒЫ ИСЛАМДЫҚ ҚАРЖЫ ҚУРАЛДАРЫНЫҢ РӨЛІ	63
Сердалиева С.Ж. ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ ПЛАТЕЖНЫХ КАРТОЧЕК НА РЫНКЕ КАЗАХСТАНА	69
Ахинов А.Б. ЖАҒАНДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ТУРАҚСЫЗДЫҚ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚР-ДА ИСЛАМ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ ҚЫЗМЕТІНІҢ ДАМУ ҮРДІСІ МЕН БОЛАШАҒЫ	74
Макашева Э.Д., Скакова А.К. ҚАРЖЫ САЯСАТЫН ЖҮРГІЗУ БАЕЫТТАРЫ	78
Тургулова А.К., Адибаев А. ОСНОВНЫЕ ПОДХОДЫ К РАЗВИТИЮ ПОРТФЕЛЬНОЙ ТЕОРИИ	81
Букенова А.Т. РЫНОК КОРПОРАТИВНЫХ ЦЕННЫХ БУМАГ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ	86
Алиаскарова А.К. ПРОБЛЕМЫ И ПУТИ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ СТРАХОВОГО ДЕЛА В КАЗАХСТАНЕ	90

ӘОЖ 336.01

А.А. Макенова
э.ғ.к., ХБУ доценті

ҚАЗАҚСТАНДА ИНДУСТРИАЛДЫ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАҒЫ ИСЛАМДЫҚ ҚАРЖЫ ҚУРАЛДАРЫНЫҢ РӨЛІ

Қазіргі таңда әлемдегі көптеген елдердің алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі индустриалды-инновациялық процестерді басқару арқылы тұрақты экономикалық өсуге қол жеткізу болып табылады. Осыған дейін технологиялық инновациялар кез келген ұлттық экономиканың даму белгісі және қалыпты табиғи процесс ретінде сипатталды. Бүгінде елеуетті бәсекелесу қабілетіне ие, атап айтқанда, экспортқа бағытталған, шикізаттық емес бағыттағы экономика салаларындағы өндіріс түрлерін дамыту Қазақстан Республкасының индустриалды-инновациялық саясатының негізгі басымдықтарына жатады. Қазақстанның экономикалық дамуының негізгі міндеті - индустриалды-инновациялық серпіліс арқылы неғұрлым тұрақты және динамикалық экономикалық өсуге өтуді қамтамасыз ету.

Экономикалық ынталандырудың тиімді жүйесі және мемлекеттің инновациялық үдерістерге қаржылық қолдауынсыз жоғары инновациялық белсенділікке қол жеткізу мүмкін емес. Индустриалды-инновациялық қызметті қаржылық қолдаудың баламалы көздерінің бірі исламдық қаржыландыру болып табылады.

Қазақстан ТМД және Орталық Азия кеңістігінде заңды түрде исламдық қаржыландыруды енгізу шараларын бірінші қатардағылармен қолға алды. Н.Ә. Назарбаев 2010 жылдың 29 қаңтарындағы «Жаңа онжылдық - жаңа экономикалық өрлеу - Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына жолдауын - да «Отандық қор нарығын жұмыс істеуін қамтамасыз ету қажет, 2020 жылға дейін ТМД және Орталық Азияның исламдық банкингінің орталығына айналып, Азиядағы қаржы орталықтарының жетекші ондығына кіруі тиіс» - деп атап көрсетті. Инвесторлармен жұмыс істеу 2010-2014 жылдарға арналған үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасындағы басты міндеттердің бірі. Бағдарлама бойынша экспортқа бағытталған құнды өнім шығарған өндіріс орындарын құру үшін экономиканың нақты секторына тікелей инвестиция тартуға басымдық беріледі. Үкімет те бұл сала үшін барлық жағдайды жасап отыр [1]. Қазақстандағы инвестициялық климат өте қолайлы деп айтуға болады. Оны халықаралық сарапшылар да растап отыр.

Сараптамашылардың пікірі бойынша, бүгінгі күні Қазақстанда исламдық банкинг және жалпы исламдық қаржыны дамытудың үлкен қажеттілігі туды.

«Біріншіден, соңғы жүргізілген халық санағы нәтижесі көрсеткендей, республика тұрғындарының 70 пайыздан көпшілігі өздерін мұсылмандармыз деп есептейді. Екіншіден, исламдық қаржының дамуы Қазақстанның жеделдетілген индустриалды-инновациялық даму бағдарламасын жүзеге асыруды, банктер және басқа да исламдық ұйымдардың бағдарламасы жобаларына қатысу жо лымен жеделдетуге мүмкіндік береді. Үшіншіден, исламдық сақтандыру компанияларының мамандары исламдық облигацияларды (сукук) енгізу есебінен қаржы құралдарының аясын кеңейту мүмкіндігі ел экономикасына қолайлы ықпал етеді», - деп есептейді.

Исламдық қаржы әлемдік қаржы нарығының бар-жоғы 1%-ын ғана құрауына қарамастан, Шарифаттың қатаң ережелерімен алыпсатарлыққа, хедж- операцияларына, баланстан тыс есептерге тыйым салуымен байланысты әлем ин- весторларын қызықтыруда. Қазіргі таңда исламдық қаржы ұйымы клиенттерінің 50%-ы мұсылман еместер. Соңғы жылдар ислам банкингі бизнестің төменгі сатысынан қаржы нарығының, оның ішінде ислам әлемінен тысқары барынша қарқындап өскен бөліктерінің біріне айналды. Мәселен, International Financial Service, London (IFSL) баяндамасына сәйкес, Ұлыбритания Батые Еуропада жетекші ислам қаржы орталығы болып табылады.

The Banker HSBC Amanah бірігіп өткізген «500 исламдық жетекші инсти- туттар» зерттеуі бойынша, 2009 жылдың ішінде ислам банкінің активтері 28,6% өсті, яғни 2008 жылы 639 млн. АҚШ доллары болса, 2009 жылы 822 млн. АҚШ долларын құрады. Ал дәстүрлі коммерциялық банктердің активтері «Top 1000 World Bank Rankings», The Banker мәліметі бойынша осы жылдар аралығында тек 6,8%-ға өсті. Ислам қаржысының индустриясы тұрақты қарқынмен өсуде: 2006-2009 жылдар аралығында өсу қарқыны орташа шамамен 27,86% болған. Бүт күндері қарқынды дамып жатқан исламдық қаржыландыру жүйесі элем бойынша жылына ұл күндері қарқынды дамып жатқан исламдық қаржыландыру жүйес элем бойынша жылына 30%-ға өсуде. Қазір элем бойынша 75 елде 450-ден астам ислам қаржы институттары жұмыс істейді. Исламдық банкингінің жыл сайынғы: ақшалай айналымы 750 млрд, долларды құрайды. 2016 жылға қарай исламды- банктер мен қаржылық құрылымдардың жалпы активтерінің құны 1 трлн. АҚШ долларына дейін өседі деген болжам бар[2].

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев 2011 жылдың 8 маусымында Астана қаласынд: өткен, Ислам конференциясы ұйымына мүше 57 мемлекеттен 2,5 мыңнан астам инвесторлар қатысқан VII Дүниежүзілік ислам экономикалық форумында: «Б: ислам қаржыландыру құралдарын тартуға, ислам елдерімен ынтымақтасуғ. мүдделіміз. Сарапшылардың бағалауы бойынша Қазақстандағы исла инвестициясының өсу әлеуеті таяу жылдары 10 млрд. долларға дейін құрайды» - деп хабарлаған болатын [3].

Қазақстанда ислам қаржыларының дамуы 2003 жылы ТМД елдері арасд- нан бірінші болып «БТА» банкі ислам несиесін алған кезден басталады. 50 м.ғ? АҚІТІ доллары көлеміндегі келесі шарт 2005 жылы БТА Galyon Corporate үшт- ұйымдастырылған болатын. Нәтижесінде, Islamic Finance New атты атақты қаржы баспасының мәліметі бойынша, 250 млн АҚДІ доллары көлеміндегі БТА У акала келісімшарты «Қазақстандағы 2007 жылғы ең үздік» болып танылды. 2006 жылы

исламдық қаржыландырудың Мубарах сызбасы бойынша 38 млн АҚШ доллары мөлшерінде «Центр Кредит Банкі» де келісімшартқа қол қойды, ал 2007 жылы Альянс Банкі» осы сызба бойынша 150 млн АҚШ долларын, яғни бастапқы қарияланған соманың үш есе мөлшерінде тартты. Бұл келісімшарттар отандық заңкілердің Оңтүстік-Шығыс Азия мен таяу Шығыстан мұнай долларын тартуға бір сәттік мүмкіншіліктері ғана болды.

1-кесте

Қазақстандық банктердің ислам банкаралық капитал нарығындағы қаржыны тартуы

Мерзімі	Реципиент Қазақстандық банк	Донор-Исламдық банк	Сипаттамасы
2005-2006	АО «БТА Банк»	Calyon Bank/ Abu- Dhabi Islamic Bank	50 миллион доллар сомасында қаржыны тарту
2006-2008		Calyon Bank/ Abu- Dhabi Islamic Bank	200 миллион доллар сомасында қаржыны тарту
2007-2009		Abu-Dhabi Islamic Bank/CIMB Bank	250 миллион доллар сомасында қаржыны тарту
2009		Ислам Даму Банкі	100 миллион доллар сомасында қаржыны тарту
2006-2007	Центр-КредитБанк	Abu-Dhabi Islamic Bank/ Commercial Bank of Qatar/Boubyan Bank/Dubai Bank PJSC/ Habib Bank	38 миллион доллар сомасында қаржыны тарту
2007	Казкоммерцбанк	Ислам Даму Банкі	50 миллион доллар сомасында қаржыны тарту
2007-2009	Альянс Банк	Calyon Bank/ Abu- Dhabi Islamic Bank	150 миллион доллар сомасында қаржыны тарту
2007	Халық Банк	Ислам Даму Банкі	50 миллион доллар сомасында қаржыны тарту
2009		Ислам Даму Банкі	100 миллион доллар сомасында қаржыны тарту
2009	Нұрбанк	Ислам Даму Банкі	50 миллион доллар сомасында қаржыны тарту

Дерек көзі: Ислам экономикасы және қаржысының Ресей Орталығы

Кестеде келтірілген мәліметтер негізінде жасалған келісімшарттар негізінде ислам банктерінен тартылған қаражаттардың жалпы сомасы 1 млрд доллар- ды құрады. Қазақстанның банк секторының шеңберінде бұл өте үлкен сома емес. Алайда мұндай қатынас әлі өзінің қалыптасу сатысында тұрғандығын, сондай-ақ, ислам банкінің жұмысының ерекшелігін, қаржыландыруға тартудың инфрақұрылымдық, заңды бөгеулерін, екіжақты өзара байланыстығын ескерсек, Қазақстанда ислам банкілерінің қаржыландырылуының болашақта келешегі зор екендігіне көз жеткізуімізге болады.

2007 жылы бұл процесте мемлекет те белсенділік танытты. Алматы өңірлік қаржы орталығы арқылы заңға, ислам банкингінің Қазақстанда дамыту бойынша қажетті өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. 2008 жылы ИБР мен Малайзия, БАӘ-нен сарапшылардан құралған арнайы топ заң жобасын дайындады, бұл жоба 2009 жылдың

12 ақпанда «ҚР заңды актілеріне ислам банкінің жұмысы мен исламдық қаржыландыруды ұйымдастыру мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгертулер енгізу» Заңына қосылды. Сондай-ақ, Ұлттық Банк пен ҚҚА-ның нормативтік құқықтық актілері қабылданды.

Қазақстанда исламдық қаржыландырудың дамуының негізі Малайзия моделі бойынша жасалған, бұл республикада Абу-Даби (БАӘ) Үкіметіне тиесілі ислам банкі - Al Hiiari Bank-тің филиалын ашуға өз қызметін жүзеге асыру үшін ҚҚА-ң лицензиясын алды. ҚР ислам банкінің қызметі мен ұйымдасуы және исламдық қаржыландыруды ұйымдастыру жайлы қабылданған заңы мемлекетте ислам банкінің исламдық құнды қағаздарды шығаруға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда елімізде исламдық қаржыландыру инфрақұрылымы АҚ «Fattah Finance» брокерлік компаниясы мен ислам қаржысы бойынша консалтинг қызметтері көрсететін -«Kausar Consutting Kazakhstan» ЖШС, «Ақыл-Кеңес Консалтинг» ЖШС, «Islamic Eіnancial Instruments» ЖШС атты компаниялармен көрсетіледі. Сондай-ақ, жабық «Аман ислам қоры» ПИҚ және алғашқы исламдық сақтандыру компаниясы ««Тақафул» атты өзара халалдық сақтандыру қоғамының» ПК пай- ларын шығару тіркелген.

Қазақстан заңнамасына сәйкес ислам банкілерінің келесі өнімдері қарастырылған:

-Инвестициялық депозиттер мен талап етілгенге дейін пайызсыз депозиттерді қабылдау; мерзімділік, қайтарымдылық және сыйақысы есептелмейтін негізде насиені қаражат түрінде ұсыну;

- Лизинг (жалға беру) негізінде инвестициялық қызмет;

- Серіктестік шарттары негізінде заңды тұлғалардың жарғылық капита- лына қатыса отырып кәсіпкерлік қызметті коммерциялық несие беру арқылы қаржыландыру.

2010-2012 жылдары Қазақстан Республикасында исламдық қаржыны дамыту бойынша Жол картасы қабылданды. Жол картасы ҚР-да исламдық қаржы институттарын жұмыс жасауға жағдай жасауға және исламдық қаржы құралдарын енгізу және дамытуды үйлестіруге мүмкіндік береді.

Қазақстан 2020 жылға дейінгі даму стратегиясын қабылдағаны белгілі, оның құрамына инновациялық шешімдер негізінде элеуметтік-экономикалық жандандыруды, экономиканы индустриализациялау бағытында әртараптандыру, кезең-кезеңмен өткізуді кіріктіреді. Қазақстанның дағдарыстан қазіргі кезеңдегі дамуы экономияның барлық секторларын жеделдетілген индустриалдық-инновациялық дамуына бағытталған.

Жалпы, Алматы өңірлік қаржы орталығы жобасының 2010-2020 жылдары Қазақстанда ислам қаржыларын дамыту жоспарына сәйкес, 2020 жылға қарай республикада 5 арнайы мамандандырылған ислам банктерінен басқа, дәстүрлі 10 банкте исламдық «терезелер» ашылуы тиіс. Бұл жол картасының жүзеге асуының негізгі нәтижесі ислам қаржы нарығының жылдық өсімі 10-15% деңгейде болуы, сондай-ақ Алматының исламдық қаржыландырудың аймақтық орталығы болып Азияның 10 ірі қаржы орталықтарының қатарына енуі болып табылады.

2-кесте

Қазақстандағы 2020 жылға дейінгі ислам қаржысының дамуы бойынша Жол картасы жобасының мақсатты көрсеткіштері

Көрсеткіштер	2010	2015	2020
Ислам банктері	1/\$ 33 млн	3	5
Исламдық терезелер	0	6	10
1 Исламдық шағыш несие ұйымдары	0	5	7
1 Исламдық лизингтік компаниялары	0	3	5
1 Аәуелсіз сукук и	1/\$ 500 млн (жоспар)	2	3
Корпоративтік сукук	0	10	20
1 Исламдық инвестициялық қор	0	10	15
Такафул компаниялары	1	4	7
Инвестициялық қаржыландыру бойынша консалтинг қызметін атқаратын заңды компаниялар	3	10	15
Қаржылық консалтингтік компаниялар	3	10	15
Ақпарат көзі: www/rfca.kz			

Ислам банкілеріне қолайлы факторларға ие дамушы елдерді инвестициялау тиімді. Қазақстан капиталдың мұндай түрін тарту үшін жақсы алғышарттарға ие. ҚР аймақтық қаржы орталығы ретінде рөлін күшейту үшін аймаққа Қазақстан арқылы ислам инвестицияларын жүргізіп, Орталық Азияда ислам инвестициясының орталығы ретінде орнығуы тиіс. Бұл отандық экономиканың дамуына бір қадам жасары сөзсіз. Ислам банкінің Қазақстанның өзге дәстүрлі банктік жүйесімен қатар жұмыс жасай береді. Яғни, банк клиенттерінде, жеке немесе заңды тұлға болсын, дәстүрлі және ислам банкінің арасында таңдау мүмкіндігіне ие болады.

2011 жылы Қазақстан Ислам конференциясы ұйымына (ИКҰ) төрағалық етті. Жалпы бұл ұйымға төрағалық Алматының ИКҰ мемлекеттері арасында исламдық қаржыландырудың аймақтық орталығына айналуына мүмкіндік береді.

ҚР Басқару агенттігінің қаржы нарығы мен қаржы ұйымын бақылауы бойынша 2008 жылдың 26 мамырдағы №77 «Case-ге және қор биржаларының тізімінің жекелеген категорияларына жіберілген эмитенттер мен олардың құнды қағаздарына қойылатын талаптар» қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы қор биржасының ресми тізімінде жеке сектор - «исламдық құнды қағаздар» жасалды.

Исламдық даму банкі (IDB) өзінің сукук траст сертификаттарын шығару бойынша бағдарламасын жаңартты, 2010 жылы бағдарламасының максималды көлемін 1,5 млрд доллардан 3,5 млрд-қа дейін көтерді.

Бұл ислам банкінің өзінің операцияларын кеңейтін дамытуы үшін жаңа ислам

облигациясы - сукук шығаруды қамтиды. Бағдарлама S&P, Moodys Fitəh атты агенттіктерден ААА жоғары кредитті рейтингін көрсетті.

Банк капиталдың әлемдік нарықтағы жетекші халықаралық эмитент ретінде көрсетуге ұмтылады.

2010 жыл бойынша сукуктерді шығарудың жалпы көлемі 8,3 млрд долларды құрады. Қазақстан секілді мемлекеттік облигацияларды шығару арқылы исламдық қаржыларды тартуға өзге мемлекеттер де тырысуда: Иордания 500 млн. доллар, Судан - 300 млн. доллар, Тайланд - 159 млн. доллар мөшерінде, сондай-ақ жоспарлары әлі нақтыланбаған өзге мемлекеттер. Сонымен қатар, сукуктардың үлесін ұжымдық сектордың құнды қағаздары күрайды. Мәселен, Катардың исламдық банкі сукукты 2010 жылдың екінші жартысында 750 млн. доллар сомасында жүзеге асырса, ал Sauti Electricity энергетикалық компаниясы Қазақстан үкіметінің жоспарын бірнеше есе асатын 1,86 млрд, доллар сомасында атқарған.

Инвесторлар инвестиция үшін мемлекет таңдауда ең алдымен сукуктың дамуына көңіл аударады. Қазақстан сукук түріндегі шариғатқа негізделген 500 млн. АҚШ доллар мөлшеріндегі құнды қағаздардың облигациясының бірінші шығарылымын өндіру мүмкіндігі қарастырып жатыр.

Қазақстан ТМД аумағында бірінші сукук шығару жұмыстарының қорытындылары жүргізілуде. Банкирлер шығару процедурасы біршама уақытты қамтитын айтады. Малайзия банкирлерінің сараптамасы бойынша Аль-Иджардың дебюттік сукук өндірісі 300 млн. доллары сомасы Қазақстан Республикасы Қаржы министр! арқылы ұжымдық эмитенттер үшін бенчмарктың қалыптасуына бағытталған.

Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі қарыз беруші ретінде де (барлық төлемге, жал мен инвесторларға негізгі төлемдерді қоса жауапкершілік артады), сукук өндіруге белсенділікті танытатын оригинатор ретінде де қатынасады. Дебюттік өндіріске қарастырылған активтер ретінде мемлекеттік мүлік комитетіне тиесілі, нарықтық құны сукук өндірісі бағасымен сәйкес жолдар болып саналады.

Сукук нарығының дамуына кедергі келтіруші тосқауылдарға исламдық құнды қағаздар бойынша үздіксіз қағидаларды жатқызуға болады. Мәселен, исламды: - құнды қағаздарының оригинаторы ретінде тек исламдық банкілер немесе ұлтты: - басқару холдингтері қатыса алады. Қазіргі таңда заңға сәйкес, арнайы исламдық қаржы компаниясының оригинаторы ретінде исламдық банк, «НХ ҚазАгро АҚ, «Самұрық-Қазына» АҚ және оның 100% қатысты ұйымдары таныла алады: Нарық қатысушы ретінде оригинатор ретінде мемлекеттік не жеке компанияларды қарастыруға болады.

Сондай-ақ Қазақстаннан тыс сукук шығаруда кейбір құқықтық және тәртіптік шектеулер кездеседі, алайда реттеушілер бұл мәселені шешімі бар екендігін көрсетеді. секілді. Мысалы, Аль-Иджар Сукук құрылымында сукук өндірісінен кейін, жалдау келісімшарты жасалғаннан соң және сукук шығару бойынша лайда қазақстандық тарапына алынған соң, мемлекеттік мүлік комитеті атынан инвесторлардың мүддесіне купонды немесе өзге де төлемдер, Қазақстан заңнамасына сәйкес қаржы министрлігі арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Қазақстандық заңнама бойынша, әдетте, жоғарыдағы

құрылым бойынша сукук сертификаттарын өндіруде қолданылатын исламдық арнайы қаржы компаниясын (SPV) құруда ешқандай кедергі кездеспейді. Заңнамаға сәйкес, SPV акционерлік қоғам немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестік ретінде құрылуы мүмкін. Алайда мемлекеттік органдар SPV немесе сукук өндіру процесінде SPV ретінде қатыса алмайды. Мұндай өзгертулер, қарастырылып жатыр[4].

Қазақстанға исламдық қаржыландыруды енгізу қаржы мүмкіндіктерін жеңейтеді. Сондай-ақ, бұл Қазақстанға инвестициясының ірі әлемдік қатысушыларын қызықтырудың құралы болып саналады.

Қорыта келе, исламдық қаржы институттары болашақта әліміздің индустриалды-инновациялық даму бағдарламасын жүзеге асырудың негізгі көздерінің біріне айналады деп сенеміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Н.Ә. Назарбаевтың 2010 жылдың 29 қаңтарындағы «Жаңа онжылдық - жаңа экономикалық өрлеу - Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына жолдауы // Егемен Қазақстан, 30 қаңтар 2010 жыл
2. <http://www.rfca.kz/kz/aqparattyq-saraptamalyq-materialdar>
3. Инвестициялаудың маңызды көзі исламдық қаржыландыру болады. // <http://news.nur.kz> | 1787
4. Қаржы нарығы: Исламдық жүйенің иі неге қанбай тұр? // <http://dmk.kz>

УДК 336.71

**Сердалиева С.Ж., старший
преподаватель КИФБА**

ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ ПЛАТЕЖНЫХ КАРТОЧЕК НА РЫНКЕ КАЗАХСТАНА

Рациональная организация безналичных расчетов обеспечивает нормализацию платежного оборота, сокращение взаимной задолженности предприятий, повышение ответственности хозяйствующих субъектов за состояние платежной дисциплины. Один из возможных и самых перспективных способов разрешения проблемы оборота наличных денежных средств - это создание эффективной автоматизированной системы безналичных расчетов на основе пластиковых карт.